

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ
Педагогикалық өлшеулер орталығы



«ХИМИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

10-СЫНЫП

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы.....	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы.....	3
1.3	Критерналды бағалау жүйесімен байланысы.....	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу.....	3
2.1	Бағалау міндеттері.....	4
2.2	Калькуляторды қолдану	4
2.3	Формулалар мен деректер	5
3.	Емтихан жұмыстарының сипаттамасы.....	5
3.1	1-емтихан жұмысы	5
3.2	2-емтихан жұмысы	5
3.3	Балдардың үлестірілуі	6
3.4	Емтиханды өткізу тілі	6
4.	Емтиханды өткізу процесін басқару	6
5.	Балдарды қою процесі.....	6
6.	Бағаларды қою процесі	6
6.1	Бағалар сипаттамасы	7
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі	8
7.1	1-емтихан жұмысы	8
7.2	2-емтихан жұмысы	15

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

10-сыныптың «Химия» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE бағалау міндеттеріне сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

10-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 9, 10-сыныптардағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Химия» пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы



Сыртқы жиынтық бағалау критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау, білім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кіреді.

2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

1-емтихан жұмысы	90 минут
<p>Жұмыс екі бөлімнен тұрады: А және В.</p> <p>Барлық сұрақтарға жауап беру міндетті болып табылады.</p> <p>A бөлімінде оқушыларға көп жауап таңдауы бар 25 сұрақ ұсынылады. Әр сұраққа жауаптардың төрт нұсқасы беріліп, оқушылар соның ішінен дұрыс біреуін таңдауы тиіс.</p> <p>Сұрақтар оқушылардың пән мазмұнын білу мен түсіну, ақпаратты қолдану, өндөу және бағалау қабілетін тексереді.</p> <p>B бөлімінде оқушылар бірнеше сұрақ бөлімдерінен тұратын 6-9 құрылымдық сұраққа жауап береді. Бұл бөлімнің сұрақтары әр түрлі балдар арқылы бағаланады. Сұрақтар оқушылардың білім деңгейін және ақпаратты өндөу, қолдану және бағалау біліктілігін тексереді.</p> <p>Калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.</p>	

90 балл - барлық балл санының 70%-ы

2-емтихан жұмысы	75 минут
-------------------------	-----------------

Оқушылар химияның түрлі салаларынан екі немесе үш тәжірибелі орындауды.

Барлық сұрақтар орындауға міндетті болып табылады.

Оқушылардың тәжірибелі жоспарлауда, талдау және бағалау сияқты тәжірибелік дағдыларын және білімдерін эксперимент нәтижелерінен тексеруге болады.

Калькуляторды қолдануға рұқсат етіледі.

40 балл - барлық балл санының 30%-ы

2.1 Бағалау міндеттері

1-БМ	Білу және түсіну Оқушылар: <ul style="list-style-type: none"> • ғылыми құбылыстарды, ғылыми фактілер, зандар, анықтамалар, ұғымдар мен теорияларды; • ғылыми лексика, терминдер, шартты белгілерді (соның ішінде белгіленулер, шамалар және өлшем бірліктерді); • ғылыми құрал-жабдықтардың жұмыс істеу қағидаттарын және олардың қауіпсіздігі мен қолданылуын; • ғылыми шамалар мен оларды анықтау тәсілдерін; • әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарды назарға ала отырып, ғылыми әдістер мен технологияларды білуі және түсінуі тиіс.
2-БМ	Ақпаратты өндегу, бағалау және қолдану Оқушылар: <ul style="list-style-type: none"> • әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды анықтауы, тандауы, жүйелеуі; • ақпаратты әр түрлі формада ұсынуы; • сандық және әр түрлі мәліметтермен жұмыс жасауы; • үлгілерді анықтау үшін ақпаратты пайдалануы, жұмыс барысын сипаттауы және қорытынды жасауы; • құбылыстарға дәлелді түсініктеме беруі; • болжамдар жасау және гипотезалар ұсынуы; • сандық мәліметтері бар есептерді шығаруы тиіс.
3-БМ	Тәжірибелік және бақылау жүргізу дағдылары Оқушылар: <ul style="list-style-type: none"> • құрал-жабдықтар мен материалдармен жұмыс жасауы; • өлшеулер мен бақылауларды жүргізуі; • бақылаулар мен тәжірибелік деректерді түсіндіруі және бағалауы; • зерттеулерді жоспарлауды, әдістерді тандауды және тәжірибелі жүргізудің жақсарту жолдарын ұсынуы тиіс.

2.2 Калькуляторды қолдану

1 және 2-емтихан жұмысын орындау кезінде инженерлік калькуляторды қолдануға рұқсат беріледі.

Калькулятор:

- көлемі қолдану үшін қолайлы;
- батарея немесе құн батареялары негізінде жұмыс істейтін;
- қақпағы, қаптамасы және жабындарында нұсқаулықтар немесе формулалар бастырылмаған болуы керек.

Келесі функциялары бар калькуляторды пайдалануға тыйым салынады:

- алгебралық амалдарды орындау;
- дифференциалдау немесе интегралдау;
- басқа құрылғылар немесе интернетпен байланыс.

Калькуляторда жеңіл шығарылатын ақпараттар болмауы керек, соның ішінде:

- деректер қоры;
- сөздіктер;
- математикалық формулалар;
- мәтіндер.

2.3 Формулалар мен деректер

Оқушыларға оқу бағдарламасында берілген формулалар мен мәлеметтері бар кітапша беріледі, сондықтан оларды жаттау қажет емес. 1 және 2-емтихан жұмыстарын орындау үшін мәліметтер кітапшасы Периодтық кестесімен қоса беріледі.

3. Емтихан жұмыстарының сипаттамасы

Оқушылар екі емтихан жұмысын орындаиды. 1-емтихан жұмысында 9 және 10-сыныптардың химия пәнінің оқу бағдарламасындағы оқушылардың білуі, түсінуі және олардың ақпаратты өндөу, қолдану және бағалау біліктілігін 1 және 2-бағалау міндеттері бойынша тексеріледі. 2-емтихан жұмысы 3-бағалау міндеті бойынша тәжірибе мен бақылау жүргізу дағдыларын тексереді.

3.1 1-емтихан жұмысы

90 минут

А бөліміде оқушылар көп жауап таңдауы бар 25 сұраққа жауап береді.

Әр сұраққа төрт жауап нұсқасы берілген, оқушылар бір дұрыс жауапты таңдайды.

В бөлімінде оқушылар қысқа және толық жауапты қажет ететін 6-9 құрылымдық сұраққа жауап береді.

Калькуляторды қолдануға болады.

Оқушылар сызыыш, қарындаш, өшіргішті пайдалана алады.

Барлығы 90 балл

75 минут

Жұмыс екі немесе үш тәжірибеден тұрады.

Калькуляторды қолдануға болады.

Оқушылар сызыыш, қарындаш, өшіргішті пайдалана алады.

Барлығы 40 балл

3.3 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі тәмендегі кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	1-емтихан жұмысы	2-емтихан жұмысы	Барлығы
1-БМ	51	2	53
2-БМ	39	10	49
3-БМ	0	28	28
Барлығы	90	40	130

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан оқыту тіліне байланысты қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады.

4. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалаудың үйімдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі тармақтарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау.

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері A*, A, B, C, D және E әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы A* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал E бағасы ең тәменгі деңгейі болып табылады.

У бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын менгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (A, C және E) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. A*, B және D бағаларының шекаралары

арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, Д және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
A	<p>Оқушы пәнді терең әрі жете біледі және пәннің қағидалары мен әдістерін нақты түсінеді.</p> <p>Қағидаларды таныс, сондай-ақ таныс емес жағдайларда қолданылады. Оқушының жауаптары жақсы түсіндірілген, нақты және ұраққа қатысты, сонымен қатар қыын есептеулердің шешімі дәл және дұрыс берілген.</p> <p>Оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none">фактілерді қағидалармен және теориямен, керісінше теорияны фактілермен байланыстыруды;кейбір тәсілдер басқа тәсілдерге қарағанда неліктен артығырақ болатынын дәлелдеуді;бірнеше дереккөздерден алынған ақпаратты жинақтауды, оны қолдана білуді және айқын логикалық түрде ұсынуды;айнымалылардың кең таңдауы бар ситуациялық есептердің шешімін табуды;моделдеу мен мәселе шешу үшін бірнеше ақпараттардан алынған мәліметтерді өңдеуді;теориялар мен құбылыстарды түсіндіру үшін гипотезаларды ұсынуды біледі.
C	<p>Оқушы пәннің түрлі салаларынан жақсы білімін болмашы кемшіліктерімен көрсетеді, пәннің негізгі принциптері мен әдістерін түсінеді. Қағидаларды таныс, сондай-ақ аса таныс емес жағдайларда қолдануы мүмкін;</p> <p>Оқушының жауаптары жақсы түсіндірілген, нақты және ұраққа қатысты; сонымен қатар есептеулердің шешімі жартылай дұрыс.</p> <p>Оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none">оку бағдарламасында келтірілген фактілерді жағдаяттарда байланыстыра алуды;көптеген сатылардан тұратын процедураларды сипаттауды;ақпаратты бірнеше дереккөздерден таңдауды және оны айқын логикалық түрде ұсынуды;берілген ақпарат негізінде модельдер мен мәселені анықтауды;айнымалылардың шектеулі саны бар есептерді шешуді;теориялар мен құбылыстарды түсіндіру үшін гипотезаларды ұсынуды біледі.
E	<p>Оқушы елеулі кемшіліктері бар пән бойынша базалық білімін көрсетеді және пәнге негізделген қағидалары мен әдістерін аса түсінбейді. Қағидаларды негізінен белгілі жағдаяттарда ғана қолданады.</p> <p>Оқушының жауаптары ішінен қажетті ақпаратпен қоса қажетсіз ақпарат та бар. Қарапайым есептерді дұрыс шығарған, бірақ қыын есептерде қателер жіберген.</p> <p>Оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none">оку бағдарламасында келтірілген фактілерді жаңғыртуды;бір амалымен болатын есепті шешуді;берілген ақпарат көзінен ақпараттың бір бөлігін ғана таңдап ұсынуды;бір немесе бірнеше тәсілмен есептерді шығаруды;ақпаратты толығымен өндемей, модель мен мәселені анықтауды;фактілер мен мәліметтердің жиынтығын түсіндіретін гипотезаны анықтауды

	біледі.
--	---------

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Әр сұрақтың соңында тік жақша [] ішінде осы сұрақтың жауабы үшін берілетін балл саны көлтірілген.

Нұсқама ретінде әр тапсырма үшін қойылатын балл саны анық көрсетілген балл қою кестесі беріледі.

7.1 1-емтихан жұмысы

A бөлімі

Әр сұраққа **A**, **B**, **C** және **D** төрт жауап нұсқасы берілген. Дұрыс деп саналатын бір нұсқаны таңдаңыз.

- 1** Реакциялық қабілеті ең жоғары металдан бастап, металдар реакциялық қабілеті бойынша қандай реттілікпен орналасады?

металл	сүйкі сумен әрекеттессе	бумен әрекеттессе	тұз қышқылымен әрекеттессе
1	жоқ	иә	иә
2	баяу	иә	иә
3	иә	иә	иә
4	жоқ	жоқ	жоқ

A 1>2>3>4

B 3>1>4>2


C 3>2>1>4

D 3>2>4>1

A **B** **C** **D**

[1]

- 2** Сутегі мен хлор арасындағы реакцияның теңдеуі көрсетілген.



Газдардың барлық көлемдері бөлме температурасында және қысымында өлшенген. 15.0 см³ сутегі хлордың артық мөлшерімен әрекеттескенде хлорсугегінің, HCl, қандай көлемі түзіледі?

A 7.50 см³

B 15.0 см³

C 30.0 см³

D 36.5 см³

A **B** **C** **D**

[1]

3 Алюминийді оның кенінен электролиз арқылы алу тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

1. Алюминий кені гематит деп аталады.
2. Алюминий оксидінің балқу температурасы өте жоғары.
3. Оң электродта тотықсыздану жүреді.

A 1, 2 және 3

B тек 1 және 2

C тек 1 және 3

D тек 2

A **B** **C** **D**

[1]

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулық
1	C	[1]	
2	C	[1]	
3	D	[1]	

В бөлімі

1 Мыс электр сымдар жасайтын металл болып табылады.

- (a) Мыстың құрылымы **мен** байланыстарын сипаттаңыз. Өз жауабыңызды схема түрінде көрсетуге болады.

.....
.....
.....
.....
.....

[3]

- (b) Неліктен мыстан сымдар жасауға болатынын түсіндіріңіз.

.....
.....

[1]

- (c) Мыс оның кенінен көміртегімен тотықсыздану арқылы алынады.
Электрон тасымалы тұрғысынан тотықсыздану термині нені білдіретінін көрсетіңіз.

.....
.....

[1]

- (d) Мыс кенінен алынған мыс оны электр өткізгіш ретінде пайдалану үшін жеткілікті түрде таза емес.
Мысты қоспаларынан тазарту үшін зертханада Сіз қолдана алатын құралдың суретін салыңыз **және** суретті белгілеңіз.

.....
.....
.....
.....

[4]

- (e) Мыс гальваностегияда қолданылады.


Гальваностегияда қолдануының **бір** себебін табыңыз.

..... [1]

[Барлығы: 10]

- 2 (a) Этанолды этен мен будың $300\ ^\circ\text{C}$, 70 атмосфера және фосфор қышқылы катализатор қатысумен реакциясы арқылы алуға болады.

Реакцияның төндеуі көрсетілген.



Осы органикалық реакцияның типін атаңыз.

..... [1]

- (b) Этанолды глюкозаның ашуы арқылы да алуға болады.

Этен қолданудың орнына глюкозаның ашуы арқылы этанол өндірудің бір артықшылығы мен бір кемшілігін жазыңыз.

артықшылығы

кемшілігі

..... [2]

- (c) Этанолды биоотын ретінде қолдануға болады. Соңғы кезде Қазақстан жылына шамамен 1 млрд литр биоэтанолды өндіруге мүмкін. Сондай-ақ Қазақстан дүниежүзіндегі ең ірі биоотын өндірушісі болуға тиіс.

Көміртегі диоксидін азайтуына биоэтанолды отын ретінде неліктен пайдаланатынын түсіндіріңіз.

.....
.....
..... [2]

(d) Этанол - бұл алкоголь.

Алкогольді аса көп ішудің денсаулыққа тигізетін **екі** салдарын көрсетіңіз

.....

[2]

(e) (i) Этанол залалсыздандыру және иіс заттардың еріткіші болып қолданылады.
Еріткіш терминінің мағынасын көрсетіңіз.

.....

[1]

(ii) Этанолды иондық және молекулалық заттардың екеуінің де еріткіші ретінде неліктен қолдануға болатынын түсіндіріңіз.

.....

[1]

[Барлығы: 9]

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулық
1(a)	металдық гигантты / тор <u>он</u> иондар / <u>катиондар</u> (арасындағы тартылыс) (және) «теңіз» / бос / жылжитын /делокальденген электрондар	1 1 1 1 [макс 3]	электрондардың теріс бөлшектері қабылданбайды белгілері бар диаграмма қабылданады
1(b)	Ион қатарлары / қабаттары жылжиды /сырғиды (біріне бірі)	[1]	иондар бөлшектері / (а) –нан қза қабылданады (металдық) байланыс берік емес
1(c)	электрондарды қабылдау	[1]	
1(d)	салынған стақандағы электролит/сүйиқтық және электродтар қуат көзі / бат арея / + және - белгіленген таза мыс (-) электрод немесе катодқа жабысқан немесе мыс қоспалары (+) электрод немесе анодқа жабысқан электролит / мыс[(II)] сульфаты (ерітінді)	1 1 1 1 [4]	
1(e)	көрінісін жақсарту үшін /коррозиядан қорғау /кез келген сендірерлік дәлел	[1]	
2(a)	қосылу	[1]	тепе-тендік қабылданбайды гидратация рұқсат етіледі.

2(b)	<p>кез келген бір артықшылығы:</p> <p>қайта жаңартылатын ресурс</p> <p>энергияны аз пайдаланады</p> <p>көміртекке бейтарап</p> <p>кез келген бір кемшілігі:</p> <p>көп санмен өлшенетін үдеріс</p> <p>көп еңбекті</p> <p>тазартылмаған өнім</p> <p>жылдамдығы баяу</p>	1 1	жабдықтау мен энергияға қатысты шығындары тәмен немесе басқа қолайлышауап
2(c)	<p>(этанол) қайта жаңартылатын ресурстардан жасалынады / өсімдіктерден / өсімдік шикізатынан алынады</p> <p>(бөлінген) CO₂ қайта өнделеді немесе өсімдіктерді / өсімдік шикізатын өсіру кезінде қолданылады / көміртекке бейтарап</p>	1 1	[2]
2(d)	<p>қатерлі ісік</p> <p>бауыр циррозы</p> <p>жоғары қан қысымы</p> <p>шаршау / жаман ұйықтау</p> <p>депрессия/мишиқтың деструкциясы</p> <p>салмағы кему</p>	1 1 1 1 1 1	кез келген екеуі [макс 2]
2(e)(i)	ерітетін сұйық /қатты зат ериді	[1]	
2(e)(ii)	<p>OH иондармен және этил / C₂H₅ молекулалармен реакцияға түседі</p> <p>немесе</p> <p>(этанол / этанолдағы OH) полюсті және (этанолдағы) (этил / C₂H₅) полюссіз топ</p>	[1]	

7.2 2-емтихан жұмысы

Сіз қатты заттың жанасу беті өзгерісінің химиялық реакция жылдамдығына әсерін зерттеуіңіз керек.


Тәжірибелі бастанас бұрын барлық нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз.

Бірдей қатты заттың тең массаларын пайдалана отырып, екі тәжірибелі жүзеге асыруыңыз керек.

1-тәжірибеде қатты заттың кішкентай кесектері пайдаланылады.

2-тәжірибеде қатты заттың үлкен кесектері пайдаланылады.

Екі тәжірибе үшін де төменде көрсетілген құралды пайдаланыңыз.



1-тәжірибе

Конус пішінді колбадан өткізгіш түтігі бар тығынын алып тастаңыз және конус пішінді колбаны әрі қарай қойыңыз.

50 см³ өлшеуіш цилиндрді пайдалана отырып, **сүйытылған қышқыл** белгісі бар ыдыстан 50 см³ сүйытылған қышқылды өлшеңіз. Оны 100 см³ конус пішінді колбаға қойыңыз.

FA1, қатты заттың 5 г кішкентай кесектерін өлшеп алып, конус пішінді колбаға салыңыз. Тығынмен қайта жабыңыз, конус пішінді колбаны сәл шайқаңыз және **дереву секундомерді қосыңыз**.

5 минуттың әр 30 секунды сайын, өлшеуіш цилиндрдегі жиналған газ көлемін 1-тәжірибелі нәтижелер кестесіне жазып отырыңыз.

(a) 1-тәжірибе

уақыт / с	бөлінген газдың көлемі / см ³	уақыт / с	бөлінген газдың көлемі / см ³
0		180	
30		210	
60		240	

90		270	
120		300	
150			

[3]

2-тәжірибе

FA2, қатты заттың 5 г үлкен кесектерін пайдалана отырып, 1-тәжірибені қайталаңыз.


5 минуттың әр 30 секунды сайын, өлшеуіш цилиндрдегі жиналған газ көлемін 2-тәжірибенің нәтижелер кестесіне жазып отырыңыз.

(b) 2-тәжірибе

уақыт / с	бөлінген газдың көлемі / см ³	уақыт / с	бөлінген газдың көлемі / см ³
0		180	
30		210	
60		240	
90		270	
120		300	
150			

[1]

- (c) (i) Координаталық торда осътерді белгілеңіз және сол осътерге 1 және 2-тәжірибе нәтижелерінің графиктерін сзыныңыз.



[4]

- (ii) Өр графикке ең дәл көлетін нақты сзықты салыңыз. Қай сзық 1-тәжірибеге және қай сзық 2-тәжірибеге жататынын тұра белгіленіз.

[2]
.....

- (iii) Кез келген аномальды нүктelerді дөңгелекпен қоршаңыз **немесе** мұндай нүктелер болмаған жағдайда «еш аномальды нүктелер жоқ» деп жазыңыз.

[1]
.....

- (d) (i) Θз графигіндеңі берілген дәлелдерді қолдана отырып, тәжірибеде қай реакцияның жылдамдығы жоғары екенін көрсетініз және түсіндіріңіз.

.....
.....
.....

[2]

- (ii) (d)(i)-де анықталған тәжірибедегі реакцияның жылдамдығы неліктен жоғарылау болғанын түсіндіріңіз.

Θз жауабыңызды бөлшектер тұрғысынан түсіндіріңіз.

.....
.....
.....

[2]

- (iii) Бұл реакцияның жылдамдығын мына формуланы қолданып есептеуге болады.

$$\text{Реакция жылдамдығы} = \frac{\text{бөлінетін газ көлемі}}{\text{уақыт}}$$

Θз графигіндеңі қолдана отырып, (d)(i)-де анықталған реакцияның бірінші 200 секундтағы жылдамдығын есептеңіз. Өлшем бірлігін есептеп шығарыңыз.

$$\text{жылдамдығы} = \dots$$

$$\text{өлшем бірлігі} = \dots [2]$$

- (e) Терендігі шамамен 2 см сүйытылған қышқылы бар сынауыққа 1 қалақша **FA1** қосыңыз.
FA1 карбонат екендігін дәлелдеу үшін бөлінген газбен тиісті тест жасаңыз.

Газды атаңыз және оның ерекшелігін бақылаулармен дәлелденіз.

тест сипаттамасы
.....

газ
.....

бақылау
.....

[2]

- (f) 1 және 2-тәжірибелерде қолданылған әдістерді жетілдіруге болатын **екі** жолды ұсыныңыз.

.....
.....
.....
.....

[2]

- (g) Оқушы осы реакцияның жылдамдығына қышқыл температурасының өзгеру әсерін зерттегісі келеді.

Окүшы бұл зерттеуді қалай қауіпсіз жүргізе алатынын сипаттаңыз.

Оқушы қолдануға тиіс әдісті толық сипаттаңыз және сенімді нәтижелер алу үшін оқушы осы тәжірибелі қалай жүргізе алатынын көрсетіңіз.

[4]

[Барлығы: 25]

2 Сізге **C** және **D** екі қатты химиялық заттардың қоспасы беріледі.

C суда ериді, ал **D** ерімейді.

Бақылаударды кестеге жаза отырып, **C** және **D** химиялық қосылыстарымен келесі тәжірибелерді жүргізіңіз.

Ешбір қорытындыны кестеге **жазбаңыз**.

тәжірибелер	бақылаулар
<p>(a) Қалақша көмегімен C және D қоспасының шамамен жартысын сынауыққа салыңыз.</p> <p>Қоспаны алғашында баяу қыздырып, одан кейін 1 минут қатты қыздырыңыз</p> <p>Пайдаланылған қоспаны тастаңыз.</p> [2]
<p>(b) C және D қоспасының қалған жартысын 10 см^3 қайнап тұрған дистилденген суы бар ыстыққа төзімді сынауыққа салыңыз.</p> <p>Сынауықты тығынмен жауып, 1 минут шайқаңыз.</p> <p>Қоспаны сұзгіден өткізіңіз.</p> <p>Фильтрат пен тұнбасын сақтап қойыңыз.</p>	фильтрат тұнба [2]
<p>тұнбамен орындалатын тәжірибелер</p> <p>(c) (i) Қалақша көмегімен тұнбаны сұзгі қағазынан сынауыққа салыңыз.</p> <p>3 см^3 сұйытылған күкірт қышқылын ақырындан қосыңыз.</p> <p>Ізбес су ерітіндісінен газды өткізіңіз.</p> <p>(ii) Алынған (c)(i)-дан ерітіндіге шамамен 2 см^3 калий иодидінің ерітіндісін қосыңыз</p> [2] [2]
<p>фильтратпен орындалатын тәжірибелер</p> <p>(d) (b)-дан фильтратты шамамен үш бөлікке бөлініз.</p> <p>(i) Бірінші бөлікке араластыра натрий гидроксидінің ерітіндісін тамшылап</p> [3]

<p>қосыңыз.</p> <p>Натрий гидроксидінің артық мөлшерін қосыңыз.</p> <p>(ii) Екінше бөлікке аммиак ерітіндісінің артық мөлшерін аздап қосыңыз.</p> <p>(iii) Ушінші бөлікке сұйылтылған азот қышқылының және барий нитратының бірнеше тамшыларын қосыңыз.</p> [2] [1]
---	---------------------------------

(e) Қатты **C** заты туралы қандай қорытындылар жасауға болады?

.....
..... [2]

(f) Қатты **D** заты туралы қандай қорытындылар жасауға болады?

.....
..... [1]

[Барлығы: 17]

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулық
1(a)	<p>көлемдер кестеге жазылған</p> <p>көлем бүтін сан немесе 0.5 дейін беріледі</p> <p>уақыт 0 = көлем 0</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1 [3]</p>	<p>кестелердің екеуінде макс үтірден кейінгі 2 ондық таңбаға дейінгі қателер рұқсат етіледі</p>
1(b)	газ аз мөлшерде бөлінеді	[1]	(а) бөліміне қарағанда көлемі аз
1(c)(i)	<p>осытер және өлшем бірліктері белгіленген</p> <p>сәйкес масштаб</p> <p>нұктелер дұрыс көрсетілген</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>[макс 2]</p>	<p>өлшем бірліктері секундтар / с және см³ болып табылады</p> <p>у-осінде көлем және x-осінде уақыт белгіленген</p> <p>нұктелер екі бағытта жарты жазықтықты алатындаид масштаб таңдалған</p> <p>16-20 нұктелер = [2], 12-15 нұктелер = [1], <12 = 0</p> <p>нұктелер дұрыс белгіленіп кішкентай шаршының</p>

		[4]	жартысында болуы тиіс егер график нөлден басталмаса ескерілмейді
1(c)(ii)	қисық сызықтар 1-тәжірибе және 2-тәжірибе деп белгіленген графиктердің екеуінде ең жақсы сәйкес келетін сызық салынған	1 1 [2]	сызықтың үстінде орналаспаған нұктелер сызықтың екі жағынан біркелкі орналасуы тиіс 1(c)(i) – дан қате келесіге ауысады
1(c)(iii)	аномальды нұктелер дәңгелекпен қоршалған/анықталған немесе «ешқандай аномальды нұктелер жоқ» деп жазылған	[1]	сызықтан алыс орналасқан барлық нұктелер дәңгелекпен қоршалып алыны тиіс/ аномальды деп белгіленіу тиіс ешқандай аномальды нұктелер жоқ екендігі олардың дұрыс қорытынды жасағанының нәтижесі болуы тиіс
1(d)(i)	(1- тәжірибе) кішкентай кесектер жалпақ градиент (анағұрлым вертикальді) / графиктегі деректерді пайдалану	1 1 [2]	егер график дұрыс болмаса қате тасымалданады
1(d)(ii)	(1-тәжірибе қатты зат, FA1 ішінде) жанасу беті үлкенірек жиірек болатын соқтығыстар / секундына немесе уақыт бірлігінде соқтығыстар көбірек болады	1 1 [2]	кішкентай бөлшектер ескерілмейді соқтығыстар көбірек ескерілмейді (әрі қарай түсіндірілмесе)
1(d)(iii)	(жылдамдық =) мәні графиктен алынып анықталған (өлшеу бірліктері =) см ³ /с немесе см ³ с-на немесе см ³ с ⁻¹	1 1 [2]	(d)(i) қка рұқсат етіледі
1(e)	көміртек диоксиді /көмір қышқыл газы / CO ₂ ізбес суын лайлайды / немесе сұт түске айналады/ ақ тұнба	1 1 [2]	ескерту: орындалған тест сипаттамасы үшін балл берілмейді
1(f)	Кез келген екеуі: газ алуға арналған шприцті пайдалану градуирленген тамызытқыш қышқылды өлшеу үшін	1 1	

	<p>қолданылады/ бюretка қышқылдың көлемін өлшеу үшін қолданылады</p> <p>бюretка газдың көлемін өлшеу үшін қолданылады / CO₂</p> <p>әр тәжірибелі қайталау және орташа көрсеткішті алу</p> <p>көрсеткіштерді жиірек алу</p> <p>магнитті араластырыш пайдалану</p> <p>температураның тұрақты болуына көз жеткізу үшін / температураны өлшеу кез келген орынды дәлел</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p>	[макс 2]
1(g)	<p><i>Кез келген төртеу:</i></p> <p>қышқылдың сол концентрациясы</p> <p>бірдей масса/қатты заттың жанасу беті</p> <p>қышқылдың кем дегендеге 2 түрлі температурасы</p> <p>газ шприці / өлшеуіш цилиндрге жалғау</p> <p>немесе</p> <p>таразы</p> <p>уақыт барысында шығарылған газдың көлемін / қажетті көлемді шығаруға бөлінген уақытты жазу</p> <p>немесе</p> <p>уақыт барысында қышқылдың немесе қатты заттың (азаятын) массасын жазу</p> <p>көзді қорғайтын көзілдірікті кио</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p>	<p>қышқылдың бірдей көлемі рұқсат етіледі</p>
2(a)	<p>быжылдау/газдану/газ көпіршіктерінің шығуы</p> <p>конденсация/бу</p>	<p>1</p> <p>1</p>	<p>қабылданбайды сұйықтық пайда болады</p> <p>ескерілмейді балқиды</p>
2(b)	<p>фильтрат - түссіз (ерітінді)</p> <p>тұнба – ақ (қатты зат)</p>	<p>1</p> <p>1</p>	<p>қабылданбайды мөлдір</p>

2(c)(i)	быжылдау/газдану/газ көпіршіктерінің шығуы ақ тұнба	1 1 [2]	қабылданады сүтті / бұлдыр / ақ қатты зат/ ағара бастайды
2(c)(ii)	сары тұнба	1 1 [2]	қабылданады қатты зат
2(d)(i)	ақ тұнба ериді (артық мәлшерде) / түссіз ерітінді пайда болады	1 1 [3]	қабылданады қатты зат балл тұнбаның түзілуіне байланысты
2(d)(ii)	ақ тұнба ериді (артық мәлшерде) / түссіз ерітінді түзеді	1 1 [2]	қабылданады ақ қатты зат балл тұнбаның түзілуіне байланысты
2(d)(iii)	ақ тұнба	[1]	қабылданады ақ қатты зат
2(e)	Кез келген екеүі: мырыш сульфат гидраттық	1 1 1 [2]	екі дұрыс жауап = 2 балл. бір, екі дұрыс және бір дұрыс емес жауап = 1 балл. кез келген дұрыс емес екі жауаптың жұбы = 0 балл.
2(f)	қорғасын немесе карбонат	[1]	кез келген дұрыс емес жауаппен жұп 0 балл

Сапалық анализ бойынша мәліметтер

Катиондардың ерітінділердегі реакциялары

катион	реакция	
	NaOH ерітіндісімен	NH ₃ ерітіндісімен
алюминий, Al ³⁺ (сұлы)	түссіз ерітіндіні түзе артық мәлшерде еритін ақ тұнба	артық мәлшерде ерімейтін ақ тұнба
аммиак, NH ₄ ⁺ (сұлы)	қыздыру кезіндегі түзілген аммиак	
кальций, Ca ²⁺ (сұлы)	артық мәлшерде ерімейтін ақ тұнба	тұнбасы жоқ немесе шамалы ақ тұнба түзіледі

мыс(II), Cu^{2+} (сулы)	артық мөлшерде ерімейтін көгілдір тұнба	қою көк еріндіні түзе артық мөлшерде еритін ақшыл көк тұнба
темір(II), Fe^{2+} (сулы)	артық мөлшерде ерімейтін жасыл тұнба	артық мөлшерде ерімейтін жасыл тұнба
темір(III), Fe^{3+} (сулы)	артық мөлшерде ерімейтін қызыл-қоңыр тұнба	артық мөлшерде ерімейтін қызыл-қоңыр тұнба
мырыш, Zn^{2+} (сулы)	түссіз ерітіндіні түзе артық мөлшерде еритін ақ тұнба	түссіз ерітіндіні түзе артық мөлшерде еритін ақ тұнба

Аниондардың ерітінділердегі реакциялары

ион	реакция	
карбонат, CO_3^{2-}	сүйылтылған қышқылды қосады	газ көпіршіктері шығады, көмірқышқыл газы пайда болады
хлорид, Cl^- (сулы)	сүйылтылған азот қышқылын қосып қышқылдандырады, содан кейін күміс нитратының ерітіндісін қосады	ақ тұнба
иодид, I^- (сулы)	сүйылтылған азот қышқылын қосып қышқылдандырады, содан кейін күміс нитратының ерітіндісін қосады	сары тұнба
нитрат, NO_3^- (сулы)	натрий гидроксидінің ерітіндісін, содан кейін алюминий фольгасын қосады; ақырындал қыздырады	аммиак пайда болады
сульфат, SO_4^{2-} (сулы)	қышқылдандырып, барий нитратының ерітіндісін қосады	ақ тұнба

Газдармен жасалынатын тесттер

газ	тест
аммиак, NH_3	дымқыл лакмус қағазының қызыл түсін көк түске айналдырады
көмірқышқыл газы, CO_2	ізбес сүмен ақ тұнба түзеді
хлор, Cl_2	дымқыл лакмус қағазын түссіздендіреді
сүтек, H_2	«пах» қатаң дыбысын шыраны жақында шығарады
оттек, O_2	шоқтанған шыраны тұтандырады